

## Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 тамыздағы N 1196 қаулысына өзгерістер енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2002 жылғы 30 қыркүйек N 1070

"Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиациялық компаниясының (бұдан әрі - "Қазақстан әуе жолы" ҰААК) бірінші және үшінші кезектегі кредиторлардың алдындағы берешектерін өтеу жөніндегі мәселелерді реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан әуе жолы" ұлттық акционерлік авиациялық компаниясының бірінші және үшінші кезектегі кредиторлардың алдындағы берешектерін өтеу жөніндегі шаралар туралы" Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2000 жылғы 4 тамыздағы N 1196 P001196\_ қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

3, 4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"3. Заңды тұлғаны тоқтатқан және сот мемлекетке тиісті міндеттемелерді жүктеген жағдайда Қазақстан Республикасының Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігі Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің Дәрменсіз борышкерлермен жұмыс жөніндегі комитетімен бірлесіп, 044 "Заңды тұлғалар тоқтатылған жағдайда сот мемлекетке жүктеген өмір мен денсаулыққа келтірілген зиянды өтеу" бағдарламасы бойынша (бұдан әрі - Бағдарлама) 2002 жылға арналған республикалық бюджет қаражатынан "Қазақстан әуе жолы" ҰААК-тың бірінші кезектегі кредиторлардың алдындағы берешектерін белгіленген тәртіппен төлеуді қ а м т а м а с ы з е т с і н .

Көрсетілген берешек 2002 жылы төленбеген немесе толық көлемде төленбеген жағдайда осы тармақтың орындалуы 2003 жылға көшіріледі және 2003 жылға арналған Бағдарлама бойынша республикалық бюджет қаражатынан қамтамасыз етіледі.

4. Қазақстан Республикасының Көлік және коммуникациялар министрлігі

"Эйр Қазақстан" жабық акционерлік қоғамының акционерлерімен "Қазақстан әуе жолы" ҰААК-тың үшінші кезектегі кредиторлардың алдындағы берешектерін өтеу мәселелерін реттесін.

5. Осы қаулының орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігіне жүктелсін."

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының  
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Қасымбеков Б.А.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК